




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Маусым 2025

Маусымда жылдық инфляция жетінші ай қатарынан үдеп, 11,8%-ға жетті. Жылдық инфляцияның жеделдеуіне ең алдымен азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлардың қымбаттауы әсер етті. Ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны да сәл үдеді.


**Айлық инфляция баяулағанына қарамастан, әлі де жоғары болып қалып отыр – 0,8%.** Маусымдық факторлар ескерілген инфляция, керісінше, алдыңғы айдағыға қарағанда жеделдеді.

Азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлардың маусымдық факторлар ескерілген бағасының өсу қарқыны үдеген, ал ақылы қызметтердікі, керісінше, баяулаған. Алдыңғы аймен салыстырғанда маусымдық факторлар ескерілген азық-түлік бағасының өсуі 1%-дан 1,2%-ға дейін жеделдеді, ал азық-түлік емес тауарлар 0,6%-дан 1%-ға дейін өсті. Ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны 1,1%-дан 0,6%-ға дейін баяулады.

Маусымдық түзетуді ескергенде, жеміс-жидек пен көкөніс, кофе, шай мен какао, ет, май мен тоң май, тұрмыстық техника, дәрі-дәрмек, тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен техникалар, жанармай, сондай-ақ қоқыс шығару, автокөлікті жөндеу мен техникалық қызмет көрсету, көлік, қоғамдық тамақтану және орта білім беру қызметі қымбаттағаны тіркелді.

Әртүрлі әдістер арқылы есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні өткен аймен салыстырғанда өсіп, 0,9%-ға жетті (мамырда – 0,8%). Екі жағынан 10% қысқарту арқылы есептелетін және баға деңгейі бойынша ең құбылмалы сегіз құрамдас бөлікті алып тастау арқылы есептелетін базалық инфляция көрсеткіштері де жеделдеп, 0,92%-ға (бұрын – 0,72%) және 1%-ға (бұрын – 0,77%) жетті. Базалық инфляцияның үдеуі бағаға түскен тұрақты қысым сақталып отырғанын білдіреді.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Кейбір азық-түлік бағасы жоғары экспорт және импорттық бағалардың өсуі аясында тағы да қымбаттап жатыр. Маусымда жылдық азық-түлік инфляциясы 10,6%-ға дейін жеделдеді. Айлық баға өсімі 0,9% болды, ал маусымдық факторлар ескерілген өсім 1,2%-ға дейін үдеді. Маусымда ет бағасы ішкі нарықтағы ұсыныстың азаюы аясында (экспорт көлемінің ұлғаюына байланысты) өсуін жалғастырды. Осындай үрдіс өсімдік майы нарығында да байқалады. Жемістер, кофе мен шай бағасының өсуі импорт бағаларының қымбаттауына байланысты жалғасып жатыр. Көкөніс бағасының түсуі алдыңғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым әлсіз болды. Бұл маусымдық факторлар ескерілген көрсеткіштің айтарлықтай өсуіне (3,1%) алып келіп, инфляция қысымының сақталып отырғанын көрсетеді.

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы жоғары сұраныс пен кейбір тауарлар бойынша импорт бағаласының өсуі аясында қысымда қалып отыр. Жылдық баға өсімі 9,4%-ға дейін жеделдеді. Айлық инфляция да үдей түсіп, 0,9%-ды құрады, ал маусымдық факторлар ескерілген өсім 1%-ға жетіп, баға қысымының күшейіп жатқанын байқатты. Азық-түлік емес тауарлардың басым бөлігі бойынша баға өсімі тіркелді, бұл халықтың тұтыну сұранысының артқанына байланысты болып отыр. Бұған қоса, бірқатар тауардың импорттық бағасы қымбаттағанына байланысты айтарлықтай баға өсімі тіркелді. Атап айтқанда, дәрі-дәрмек бағасы тағы да қымбаттап жатыр.


Коммуналдық қызмет тарифтерінің бірқалыпты қымбаттауына байланысты қызметтер бағасының өсу қарқыны біршама баяулады. Жылдық инфляция 16,1% болды, ал айлық инфляция 0,8%-ға дейін төмендеді. Маусымдық факторлар ескерілген көрсеткіш те 0,6%-ға дейін түсті. Коммуналдық қызмет тарифтерінің қымбаттауымен қатар, кейбір нарық қызметтерінің бағасы айтарлықтай қымбаттаған. Бұл бағаның өсуі демалыс маусымындағы ішкі тұрғындар мен шетелдік туристер тарапынан тұтыну сұранысының өсуіне байланысты болып отыр. Турист пакеттері, әуе тасымалы, қонақүй қызметтері, қоғамдық тамақтану мен туристі сақтандыру қызметтерінде баға өсімі байқалды.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызметтер инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

### Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары

2025 жылғы маусымда әлемдік азық-түлік нарықтарындағы инфляция қысымы біршама күшейді. Азық-түлік бағасының ФАО индексі бір айда 0,5%-ға, ал жылдық мәнде 5,8%-ға өсті. Бұл өсімге негізінен өсімдік майлары, ет және сүт өнімдері үлес қосты: олардың бағасы тұрақты сұраныс, ұсыныстың қысқаруы және алдағы уақытта да ұсыныстың азаюы туралы болжамға байланысты өскен. Сонымен қатар, дәнді дақылдар мен қант бағасының түсуі жалпы баға қысымын ішінара жапты.

Маусымда дәнді дақылдар бағасының индексі төмендеді. Баға ең алдымен жүгері, арпа және соргоның арзандауы есебінен түсті. Жүгері бағасының төмендеуі Латын Америкасы елдерінен маусымдық ұсыныстың артуымен байланысты болды. Сұраныстың азаюы аясында күріш бағасы да төмендеді. Ал бидай бағасы, керісінше, солтүстік жарты шарда егін жинау науқаны басталғанына қарамастан, өсті. Бұл өсім Ресей, ЕО және АҚШ сияқты негізгі өңірлердегі ауа райы тәуекелдерімен байланысты болды.

Өсімдік майларының бағасында өсім бар: пальма, рапс және соя майлары қымбаттады. Ал күнбағыс майының бағасы, керісінше, Қара теңіз аймағында жоғары өнім алу күтілуіне байланысты сәл арзандады.

Құс етінен басқа ет өнімдері де қымбаттады. Сиыр, шошқа және қой еті бағасы ұсыныстың қысқаруы мен тұрақты сұранысқа байланысты өсті. Құс еті бағасы Бразилиядағы уақытша экспорт шектеулерінен кейін ішкі нарықта ұсыныстың шамадан тыс көбеюі салдарынан төмендеді.

Сүт өнімдері, әсіресе, сары май мен ірімшік, ЕО мен Океаниядағы шектеулі ұсыныс және Азиядағы жоғары сұраныс аясында қымбаттап жатыр.

Қант бағасы 2021 жылғы сәуірден бергі ең төменгі деңгейге дейін түсіп кетті. Бұл Бразилиядағы, Үндістандағы және Таиландтағы егін жинау болжамдарының жақсаруы нәтижесінде болды.

Ішкі және әлемдік бағалар арасындағы айырмашылық айтарлықтай болып отыр, әсіресе, кейбір азық-түлік санаттары бойынша. Ең үлкен баға айырмашылығы қант, дәнді дақылдар және ет өнімдері бойынша сақталуда. Ал өсімдік майлары мен сүт өнімдері бойынша ішкі бағалар әлемдік бағалардан төмен, бұл олардың халықаралық нарықтарға жоғары деңгейде кіруімен және логистикалық кедергілердің салыстырмалы түрде төмен болуымен түсіндірілуі мүмкін (1-кесте).

1-кесте. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Маусым	Желтоқсан	Сәуір	Мамыр	Маусым
<b>Дәнді дақылдар (ФАО)</b>	140,4	155,1	153,0	149,5	148,1
Ұн ТБИ	195,1	199,2	198,7	198,9	199,1
Баға айырмашылығы, п.т.	54,8	44,0	45,7	49,4	50,9
<b>Өсімдік майы (ФАО)</b>	154,2	216,6	209,2	200,4	206,2
Өсімдік майы ТБИ	146,0	168,7	181,9	182,6	185,6
Баға айырмашылығы, п.т.	8,1	48,0	27,3	17,8	20,6
<b>Қант (ФАО)</b>	170,7	195,0	181,8	176,2	167,9
Қант ТБИ	222,0	207,0	220,6	225,7	227,3
Баға айырмашылығы, п.т.	51,3	12,0	38,8	49,5	59,3
<b>Ет (ФАО)</b>	131,4	152,1	153,2	154,6	158,8
Ет ТБИ	153,1	155,1	166,1	168,2	170,2
Баға айырмашылығы, п.т.	21,6	3,0	12,8	13,6	11,5
<b>Сүт өнімдері (ФАО)</b>	146,6	185,9	196,9	198,2	200,4
Сүт өнімдері ТБИ	173,7	180,2	183,3	183,5	183,5
Баға айырмашылығы, п.т.	27,1	5,8	13,6	14,8	16,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары (теріс айырма), жасыл түс сыртқы бағалар ішкі бағалардан жоғары (оң айырма) екенін көрсетеді.

## Өндірушілер бағасы

Дәнді дақылдар бағасы төмендеп жатқанымен, азық-түлік өндірушілердің бағалары әлі де қысымда қалып отыр.

2025 жылғы маусымда ауыл шаруашылығы өнімдерінің кей түрлері бойынша баға өсімі сақталды. Майлы дақылдар, көкөністер, ірі қара және құс етінің бағасы өсті. Бұл өсімге өңдеу өнеркәсібі тарапынан тұрақты сұраныс пен отандық өнімнің экспорттық жеткізілімінің ұлғаюы басты себеп болды.

Сонымен қатар, коммуналдық қызмет тарифтерінің қымбаттауы мен логистикалық операциялардың, соның ішінде жүк тасымалдау мен қойма қызметтерінің қымбаттауы да шығындардың өсуіне қосымша ықпал етті.


Бұдан бөлек, дәнді дақылдар сегментінде дезинфляциялық әсер сақталып отыр. Бидай мен қарақұмық өндірушілер бағасының төмендеуі аграрлық сектордағы жалпы баға серпінін тежеді.

Ішкі өндірістің қымбаттауымен қатар, маусым айында импортталатын азық-түлік тауарларының да бағасы өскені тіркелді.

ТМД елдерінен жеткізілетін өнім құрылымында ет пен ет өнімдері, сары май мен өсімдік майлары, шоколад, кондитерлік және наубайханалық өнімдердің көтерме бағасы өскені байқалды. Мұндай баға динамикасы Ресейдегі жоғары инфляция деңгейі сақталып отырғандықтан және Ресей рублінің нығаюына байланысты.


ТМД құрамына кірмейтін елдерден әкелінетін азық-түлік тауарлары бағасының өсуі салыстырмалы түрде баяу жүріп жатыр. Маусым айында какао-бұршақ, дәмдеуіштер, ірімшік, сүзбе және теңіз өнімдерінің көтерме бағасы өскені байқалды. Бұған осы тауар топтарының әлемдік бағасы әлі де қымбаттап жатқаны себеп болып отыр.

7-график. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағалары, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ